

## D РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА — ТЫҢ ЖОБАЛАР

**Ү**лт руханиятының ұстынына айналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының қалың бұқараға жол тартқанына биыл төрт жыл толады. Төрт жыл ішінде атқарылған жұмыс мол, келешекке жүктелген міндет те аз емес.

Аталған мақала рухани өзегіміздің тамырына қан жүгіртті. Қоғамдық сананың жаңаруы ортақ әлеуметтік кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтың қажеттіліктерімен тікелей байланысты жүретіні белгілі. Ал қоғамдық сананың мазмұны азаматтардың мүдделерімен, идеяларымен, құндылықтарымен үндес. Ол мәдениет, мінезқұлық тәжірибесі, салт-дәстүрді қоса алғандағы рухани негіздерге арқа сүйеді. Сана-сезімі биік, дүниетанымы мол, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын таныған адамға бұл мақалада ұлттың келешек бағыты айқындалған.

М.Әуезов атындағы ОҚУ іргелі оқу орны ретінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы жүктеген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарып келеді. Университет қабырғасынан аталған мақаланың мән-мазмұнын терең ұғып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге негізделген білім беру бағытында арнайы «Рухани жаңғыру» бөлімшесі ашылып, нәтижелі жұмыс істеуде.

Осы бағытта арнайы жобалық кеңсе ашылды. Үш жыл нәтижесінде білім беру, ғылыми және әлеуметтік маңызы бар, әрі қарай дамып, болашақта да тұжырымдамалық

және нақты іске асырылатын жобалар дүниеге келді. Осылайша білім беру саласында І курс студенттеріне арналған «Қоғамдық дамуды жаңғыртудың өзекті мәселелері», «Елбасытану», «Абайтану» элективті оқу пәндерді енгізілді. «Жаңа гуманитарлық білім – қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы бойынша гуманитарлық факультеттердегі ЖОО-ның білім беру үдерісіне жаңа материалдарды тарта отырып, оқыту әдістемелері талқыланып, жетілдірілуде.

Университеттің мәдени және тәрбие жұмысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі компоненттері: білімнің салтанат құруы, бәсекеге қабілеттілік, Қазақстанның эволюциялық дамуы, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы, «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» және «Қазақстанның 100 жаңа есімі» сынды кіші бағдарламалар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Оқу ордасында тәрбие және әлеуметтік-мәдени жұмысы бөлімшелері үнемі елімізге танымал әрі түрлі саланың саңлақтары атанған тұлғалармен кездесулер өткізіп тұрады. Сондай-ақ, дәстүрлі музыканың, театр қойылымдарының онлайн трансляциясы жүргізіледі. Университет студенттері арасында кәсіпқой өнерпаздардың қатысуымен концерттер өткізіледі, факультет студенттері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «заманауи қазақ бейнелеу өнерінің антологиясы» каталогымен де танысып үлгерді.

Аталмыш бағдарлама бойынша университет ғылыми бағытта да тыңдырымды тірлік жасап, өз әлеуетін

көрсете білді. Атап айтқанда «Тарих және этнология», «Түркітану», «Мұхтартану», «Абайтану» ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, сондай-ақ жоғары мектептер мен факультеттердің профессорлары «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Архив-2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі» арнайы бағдарламалары бойынша терең зерттеулер жүргізіп келеді. Соңғы 3 жылда ғылыми зерттеулер нәтижелеріне байланысты, сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі мамандарды тартумен 14-тен астам республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар өткізілді. Олардың ішінде ең көрнектілері: «Ұлы Даланың ұмытылмас тұлғалары – Тұрар Рысқұлов», тұрартанушы Ордалы Қоңыратбаевтың «Тұрар мен Түркістан» кітабы жарық көрді. «4К моделі бойынша білім және ғылым» республикалық конференциясы, Шымкент қаласының әкімдігінде «Рухани жаңғыру аллеясы» ғылыми жобасы ұйымдастырылса, «Ақ мешіт геомагниттік өрісін зерттеу-сауықтыру кешені ретінде» жаңа жоба өмірге келді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының республикалық, облыстық, қалалық деңгейде жүзеге асыру үшін профессор-оқытушылар құрамы жұмылдырып, бағдарламаның жүйелі түрде іске асуы бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Оқытушылардың «Жеке жоспарларымен» жұмылдыра, КРІ жүйесімен ынталандыра отырып, университет білім алушыларының санасын қайта жаңғырту, оларды еліміздің патриоты етіп қалыптастырып, тұлға ретінде дамыту да негізгі

көзделіп отырылған бағыты. Бұл ұстаным таяу арада Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева жариялаған «Ақылды ұрпақ» және «Қазақи тәрбие-таным» жобаларымен үндесіп отыр. Осыған орай 2021 жылдан бастап жобалық кеңсе «Толық адам: ХХІ ғасыр көшбасшысы» жобасын іске асырады. Нәтижесінде студенттердің көшбасшылық қабілетін, эмоционалдық, қаржылық сауаттарын дамытатын 72 сағаттық курс жұмысын бастайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында 2019 жылы ашылған «QAZAQSTANŪ» республикалық ғылыми журналы және «МИРАС» рухани жаңғыру академиясының Жазғы мектебі, «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамды дамыту институты республика бойынша үздік жобалар деп танылып, тәжірибе ретінде басқа оқу орындарына енгізуге үлгі болып бекітілді.

Қорыта айтқанда, Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасын жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында, жас ұрпақты ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуал деңгейі биік, жан-жақты азамат ретінде қалыптастыруда игілікке жаратуда ұстаздар қауымының қызметі өлшеусіз. Еліміздің жеткен жетістіктері аясында жас ұрпақты Отанын сүйуге, ол үшін аянбай қызмет етуге тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.

**Ақкенже ҮСЕНОВА,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ**  
**тарих және педагогика**  
**факультеті заманауи**  
**педагогика және**  
**психология кафедрасы-**  
**ның доценті, PhD доктор**